

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Семипол ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 2 шілдедегі № 4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 3 шілдеде № 6437 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Семипол ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 21 сәуірдегі № 4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Семипол ауылдық округі әкімінің 21.04.2021 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Шал ақын ауданы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 20-34/179 ұсынысы негізінде, Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Семипол ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Астаған ауылында орналасқан "Ертаева" шаруа қожалығының аумағында жылқылар арасында ринопневмония ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Семипол ауылдық округінің әкімі Р. Есқұлов